

«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

**АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Қызметтік пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе қ., 2025 ж.

ӘЗІРЛЕНДІ:

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің директорым А.К. Байсарина

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің бас маманы А.Е. Нагиметова

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Ғылыми кеңес шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2025 жылғы «01» 07 № 12 хаттама)

ЖАРАМДЫЛЫҚ МЕРЗІМІ: жаңасын ауыстырғанға дейін

ЕНГІЗІЛГЕН: 11.12.2023 ж. нұсқаның орнына

Осы Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорының ресми рұқсатынсыз басылым ретінде толық немесе ішінара көшірілмейді, көбейтілмейді және таратылмайды.

Осы Ереже Қ. Жұбанов атындағы АӨУ Басқарма Төрағасы- Ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

ҚОЛДАНУ АЯСЫ

Бұл Ереже Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде барлық академиялық деңгейінде жүзеге асырылатын білім беру бағдарламаларын тағайындап және олардың жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

1. НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

1.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (15.03.2025ж. №172-VIII өзгерістерімен және толықтыруларымен).

1.2 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.04.20 №152 бұйрығы (24.03.2025 ж. №134 өзгертулер мен толықтырулармен).

1.3 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (04.03.2025 ж. №90 өзгерістермен және толықтырулармен).

1.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы №569 бұйрығы). (21.07.2023 ж. №327 өзгерістермен және толықтырулармен).

1.5 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (24.06.2024 ж. №307 өзгерістермен және толықтырулармен).

1.6 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығы) (04.05.2024 ж. №213 өзгерістермен және толықтырулармен).

1.7 Оқу процесіне ECTS қағидаттарын енгізу және академиялық еркіндікті кеңейту жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 12 ақпандағы №57 бұйрығы.

1.8 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі және жоғары білім беру оқу пәндерін кодтау жүйесі». ҚР МЖМБС 5.05.001–2005.

1.9 «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар (ҚР ҒжЖБМ 2023 жылғы 27 наурыздағы №125 бұйрығы. Білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіптік стандарттар.

1.10 Білім беру бағдарламасына сәйкес кәсіби стандарттар.

1.11 Қ. Жұбанов атындағы АӨУ-нің ішкі нормативтік құжаттары.

2. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Білім беру бағдарламаларының академиялық комитеттері әрбір білім беру бағдарламасы бойынша білім берудің барлық деңгейлері үшін бір құраммен құрылады және білім беру бағдарламасын әзірлеудің және оның сапасын арттырудың негізгі бағыттарын айқындайтын алқалы басқару органы болып табылады.

3.2 Академиялық комитеттер өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, ҚР ҒЖБМ нормативтік құжаттарын, «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім» МЖМБС, университет Жарғысын, ректордың бұйрықтарын, университеттің Ғылыми және Академиялық кеңестерінің шешімдерін, ішкі нормативтік құжаттарын, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1 Академиялық комитеттер қызметінің мақсаты еңбек нарығын, жұмыс берушілердің талаптарын және тиісті саладағы ғылымның соңғы жетістіктерін зерделеу негізінде оқытудың барлық деңгейлерінде модульдік білім беру бағдарламаларын әзірлеу сапасын арттыру болып табылады.

4.2 Академиялық комитеттің міндеттері:

- білім беру бағдарламасын және оның құрылымдық элементтерін (оқу жоспарлары, оқыту нәтижелерін) жобалау, жасақтау және өзектендіру;
- үздіксіз білім беру сатыларының сабақтастығын қамтамасыз ету негізінде кадрлар даярлаудың білім беру траекториясын қалыптастыру (бакалавриат–магистратура–докторантура);
- білім беру бағдарламаларын оқу-әдістемелік қамтамасыз ету сапасын арттыру бойынша жұмыстарын ұйымдастыру;
- білім беру бағдарламаларының кадрлық потенциалының сапасын арттыру жөніндегі саясатты қалыптастыру;
- білім беру бағдарламасының мазмұны мен технологиясын жүзеге асыруда үздік әлемдік және отандық тәжірибені талдау және енгізу;
- білім беру бағдарламасының бітіруші түлектерімен және жұмыс берушілер арасындағы құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды нақтылау, дайындау, сапасын бағалау бойынша өзара іс-қимыл жасау;
- білім беру бағдарламасын сапасын бағалауда әртүрлі тәсілдермен дайындау (аккредиттеуді қоса алғанда), бағдарламаның өзін-өзі тексеруін ұйымдастыру.

5. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕРДІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

5.1 Білім беру бағдарламасының өзектілігін анықтау.

5.2 Білім беру бағдарламаларын жобалау:

- МЖМБС, Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБК), салалық біліктілік шеңбері (СБШ), кәсіптік стандарттар (КС) талаптарын ескере отырып, мақсаттарды, ББ негізгі параметрлерін, жалпы және кәсіптік құзыреттерді тұжырымдау;

- жұмыс берушілер үшін түсінікті және еңбек нарығында түлектердің сұранысын қамтамасыз ететін оқыту нәтижелерін тұжырымдау;

- оқыту мақсаттары мен оқыту нәтижелерінің, оқыту нәтижелері мен құзыреттерінің өзара байланысын орнату;

- уақыт талаптарын, белгілі бір пән бойынша соңғы ғылыми зерттеулерді, сондай-ақ интеграцияны (пәнаралық курстардың білім беру бағдарламасына енгізу) ескере отырып, білім беру бағдарламасының мазмұнын (оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге арналған модульдер) анықтау;

- кредиттерде көрсетілген бағдарламаның негізгі компоненттерінің көлемін (еңбек сыйымдылығын) анықтау;

- оқу жоспарларының мазмұнын анықтау.

5.3 Білім беру бағдарламасының мазмұнына жұмыс берушілер тарапынан кадрлар даярлауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігіне сараптама жүргізуді ұйымдастыру.

5.4 Жұмыс берушілерден сарапшыларды тарта отырып, білім алушылардың кәсіби білімін, дағдылары мен білімін қалыптастыру тұрғысынан оқу жоспарларының сапасына сараптама мен бақылауды жүзеге асыру..

5.5 Оқытудың сабақтастығын қамтамасыз ету және білім деңгейлері бойынша пәндердің қайталануын болдырмау мақсатында элективті пәндер каталогын қалыптастыру сапасын бақылау.

5.6 Модульдік білім беру бағдарламасын (МБББ) одан әрі жетілдіру бағыттарын айқындау мақсатында білім беру бағдарламасы, модульдер және пәндермен студенттердің қанағаттану мониторингі туралы есепті қарау.

6. ҚҰҚЫҚТАР, МІНДЕТТЕР МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕР

6.1 Академиялық комитеттер мүшелерінің құқықтарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен, Университет Жарғысымен кепілдік беріледі.

6.2 Академиялық комитет мүшелерінің құқығы бар:

- білім беру деңгейлерінің сапасы мен сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру бағдарламаларын, элективті пәндер каталогын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізуге;

- университеттің Академиялық кеңесінің, факультет кеңесінің және университеттің түрлі комиссияларының қарауына академиялық комитеттер қызметінің мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға байланысты мәселелерді шығаруға;

- өз қызметін жүзеге асыру үшін ПО құрамы, университет қызметкерлері, жұмыс берушілер қатарынан жұмыс комиссияларын құруға;

- білім беру бағдарламасы шеңберінде кафедра оқытушыларынан олардың жұмысы үшін қажетті құжаттарды талап етуге;
- академиялық комитеттің мүшесі болып табылмайтын оқытушыларды жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға;
- басқа ұйымдардың мамандарын МББ-ға сараптама жүргізу, білім беру қызметіне қатысу, өз қызметін жүзеге асыру үшін академиялық комитеттер құратын түрлі комиссиялардың жұмысына шақыруға;
- академиялық комитеттің барлық мүшелерінің, оның ішінде білім алушылардың өзара сыйластығы және тең құқылы қатысуына;
- өз өкілеттігі шегінде өз қызметін жүзеге асыру үшін университеттің құрылымдық бөлімшелерінен қажетті ақпарат беруді талап етуге;

6.3 Академиялық комитеттердің жауапкершілігі:

- білім беру бағдарламасының және элективті пәндер каталогінің сапасына;
 - Академиялық кеңесте, Ғылыми кеңесте және Директорлар кеңесте талқылауға әзірленген МББ-ны уақтылы ұсынуға;
- #### 6.4 Академиялық комитет мүшелерінің міндеттері:
- Академиялық комитет отырыстарына қатысуға,
 - қаралатын мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауға,
 - университеттің Академиялық комитеті мен Академиялық кеңесінің шешімдеріне сәйкес тапсырмаларды орындау.

7. АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУ ТӘРТІБІ

7.1 Академиялық комитеттердің құрамы кафедра меңгерушілерінен, жетекші оқытушыларынан, кәсіптік қоғамдастықтар мен бизнес құрылымдардың өкілдерінен, оқytудың барлық деңгейінде білім алушылардан (контингент болған жағдайда) құрылады.

7.2 Академиялық комитетті ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі бар ББ бейіні бойынша университеттің жетекші оқытушылары немесе қызметкерлері қатарынан немесе бейіні бойынша практикалық жұмыс өтілі бар, оның ішінде басшылық лауазымдардағы тиісті ғылым саласының білікті мамандары қатарынан тағайындалатын басшы (Төраға) басқарады.

7.3 Академиялық комитеттің басшысы академиялық комитетті тек бір білім беру бағдарламасы бойынша басқара алады.

7.4 Академиялық комитеттердің басшылары отырыстарға төрағалық етеді, академиялық комитеттің міндеттері мен функцияларына сәйкес жұмысты жоспарлайды және ұйымдастырады, академиялық комитет жүзеге асыратын қызмет үшін жауапты болады.

7.5 Академиялық комитеттің орынбасары мен хатшысы Академиялық комитет мүшелерінің арасынан алқалы шешіммен таңдалады. Академиялық комитет басшысы болмаған кезде оның функцияларын орынбасары атқарады. Академиялық комитеттің хатшысы академиялық комитет

мүшелерінің жұмыстарын таныстырады және ұйымдастырады, отырыстың хаттамаларын жүргізеді, академиялық комитеттердің хаттамалары ашық сипатта және танысу үшін қолжетімді болады.

7.6 Академиялық комитет мүшелерінің ерекше пікір білдіруге құқығы бар, пікір білдірілген жағдайда жазбаша түрде баяндалуы және отырыс хаттамасына қоса берілуі тиіс.

7.7 Академиялық комитеттердің отырысы қажеттілігіне қарай, оқу жылы ішінде кемінде 2 рет өткізіледі.

7.8 Академиялық комитеттің шешімі отырыстың хаттамасында оның нәтижесін тіркей отырып, алқалы дауыс беру жолымен қабылданады.

7.9 Академиялық комитеттердің жұмысын бақылауды және үйлестіруді факультет декандары мен академиялық сапаны арттыру департаменті жүзеге асырады.

8. ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

8.1 АК туралы ереже

8.2 АК мүшелерінің құрамы туралы бұйрық

8.3 АК отырыстарының хаттамалары

8.4 Білім беру бағдарламалары және басқа да материалдар әзірленді

9. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ҚОСЫМШАЛАР

9.1 Осы Ережені Ғылыми кеңестің негізінде университет ректоры бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап өз күшіне енеді.

9.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және ЖОО ішіндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

9.3 Өзгерген жағдайда университеттегі күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңа ережелермен ауыстырылуы тиіс